| Тобы | Орта топқа арналған перспективалық жоспар | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы | | | | | | | | | | |
| Айы | Қазан 2022-2023 | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | ***Денсаулық*** | ***3*** | ***Қатынас*** | ***2*** | ***Таным*** | ***2,5*** | ***Шығармашылық*** | ***3*** | ***Әлеумет*** | ***0,5*** |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | |
| | | | | | | | *Вариативті компонент/Шығармашылық* | *0,5* | *Вариативті компонент/Әлеумет* | *0,5* |

**Қош келдің, Алтын күз!/ Золотая осень /Golden autumn (1-апта)**

**Мақсаты:** күз мезгілі және осы мезгілге тән құбылыстар туралы білімдерін кеңейту.

| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Домалайды алмалар"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету; сапқа өздігімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Қызыл-сары, сап-сары.. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары."<br>Мақсаты: балаларға күзгі құбылыстың бірі жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауға үйрету; жуан [ұ] және жіңішке [ү] дауысты дыбыстары естілетін сөздерді естуге жаттықтыру. Балалардың артикуляциясын, фонематикалық есту қабілетін қалыптастыру, түстерді ажырату қабілетін жетілдіру, ақыл-ойын, есту, есте сақтау қабілетін дамыту. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Сан алуан жапырақтар"<br>Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ", "оң қол", "ол қол" ұғымдарын пысықтау; күздің қасиеттері, жапырақтардың түсуі және күзгі ауа райы жөнінде түсініктерін жетілдіру. Балалардың "көп", "біреу", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Саябаққа күз келді"<br>Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуға үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Қылқаламның ұшын сары бояуға малып, алдын-ала салынған ағаш бұталарына, жерге жақпалар қалдырып отыруға жаттықтыру, жақпалау техникасын жетілдіру. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Аула сыпырушы"<br>Мақсаты: балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың аула сыпырушы еңбегіне құрметі пен қызығушылықтарын арттыру; алтын күз туралы білімдерін қалыптастыру. |
|---|---|---|---|---|---|

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Допты домалатайық"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; сапқа өздігімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Сары жапырақтар жерге түсті"<br>Мақсаты: балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуға үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ару күз"<br>Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Домалайық"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; сапқа өздігімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдыларын пысықтау. | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Алтын күз"<br>Мақсаты: балаларды күз маусымының алғашқы өзгерістерімен таныстыру; күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Жапырақтар сарғайды"<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативті компонент** | - | - | - | **Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>Тақырыбы: "Жапырақтар түсіп жатыр"<br>Мақсаты: балаларға күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы мағлұматтар беру, ағаштардың жапырақтарсыз қалуын түсіндіру; ермексаздың бір бөлігін үзіп немесе жұлып алу дағдысын жетілдіру. Сары және қызыл сары, қызыл ермексаз кесектерінен жұлынған бөліктерді қағаз бетіне салынған ағаштардың ұшар бастарына, ағаш түбіне жапсыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, зейінді, көз мөлшерін дамыту. Балалардың өсемдікті түсіну сезімдерін қалыптастыру, тиянақтылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. | - |
| | | | | | |
| **Күз сыйы / Дары осени / The gifts of autumn (2-апта)** | | | | | |
| | **Мақсаты:** балалардың күздің сыйлары түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру; адамның күзгі еңбегіне деген қызығушылығын тудыру. | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Ғажап күздің сыйлығы"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білімдер аясын кеңейту; жемістердің бау-бақшада, көгөністердің бақшада өскенін айтқызып, күз сыйларына қатысты көркем сөзді мәнерлеп оқуды пысықтау. Балалардың жемістер мен көгөністерді ортақ белгілер бойынша бөлу және біріктірудегі біліктерін жаттықтыру; тақпақ шумақтарын мәнерлеп айтқызып сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Күзгі көректер"<br>Мақсаты: балаларға "оң жақ", "сол жақ", "жұмсақ", "қатты" ұғымдарын түсіндіру; "көп", "біреу", "үлкен", "кішкентай" ұғымдарын пысықтау; жабайы аңдардың тіршілік ету ерекшеліктері, күздің жабайы табиғаттағы сыйлары жөнінде мағлұматтар беру. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, заттарды педагогтің нұсқаулары бойынша жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Сәбіз"<br>Мақсаты: балаларды қағаз бетінің ортасына қызыл сары түсті, сопақша пішінді сәбізді қылқаламмен салып, бояуға үйрету; күз сыйлары туралы ұғымдарды дамыту. Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру. | - |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Күз қандай?"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды бір-біріне деген мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Күз келді"<br>Мақсаты: балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Себеттегі жемістер"<br>Мақсаты: балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. Жеміс түрлері арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және ойлау қабілетін дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Себеттегі жемістер"<br>Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Айнала алтын күз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге; сапқа өз еріктерімен тұру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдыларын пысықтау. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Что где растет?" Овощи и фрукты. Цвета.<br>Мақсаты: развивать способность слушать русскую речь, запоминать и различать названия овощей и фруктов, называть идентичные овощам и фруктам цвета, понимать просьбы взрослого, включаясь в фонетические словесные игры по теме. Развивать артикуляционный аппарат, фонематический слух, речь, слуховое восприятие речи в целом; развивать | | **Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көгеністер"<br>Мақсаты: балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгеністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгеніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Дайын ермексаз бөлігін алақанға салып жылытып, илеп, алақанмен үйкелеп, таяқша пішінін, "сәбізді" мүсіндеу техникасын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілеттерін, ақыл-ой мен зейінді | |
| **Вариативті компонент** | - | - | - | | **Вариативті компонент/Әлеумет**<br>Тақырыбы: "Жеміс-көгеніс дүкені" ойыны<br>Мақсаты: балаларды дүкендегі сатушының қызметімен таныстыру, жемістер мен көгеністердің атауларын бекіту, ойын және сыпайылық ережелірен түсіндіру. |
| | | | | | |
| **Ас атасы – нан / Хлеб всему голова / Bread is the staff of life (3-апта)** | | | | | |
| Мақсаты: балаларға нан өнімі туралы алғашқы білімдер беру; адамның нанды құрметтеуге тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Нанның құдіреті"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын өрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын өрі қарай жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Еркежан әжей нан пісірді атты суреттер сериясын әңгімелеу"<br>Мақсаты: балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагог соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету.<br>Балаларда қарапайым фразаларды құрастырып, нан туралы әңгімелеуде байланыстыра сөйлеу негіздерін қалыптастыру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Әженің бауырсақтары"<br>Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден" ұғымдарын түсінуін пысықтау; дене мүшелерінің орналасуын білуге үйрету.<br>Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Тандыр нан"<br>Мақсаты: балаларды дөңгелек пішінді тандыр нан бейнесін шақпақтар және дөңгелектер сияқты ою элементтері арқылы безендіру тәртібіне үйрету; тандырмен таныстырып, нан өнімдері туралы білімдерді толықтыру.<br>Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын-ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен шақпақ етіп, дөңгелектің сыртын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Күз кереметі"<br>Мақсаты: балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру; адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру; Ас атасы – нан туралы мағлұмат беру. |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Ас - адамның арқауы"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; сапқа өз еріктерімен тұру; бөрененің үстімен сенімді жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдыларын қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын өрі қарай жетілдіру. | | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары"<br>Мақсаты: балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмарлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмарлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруға үйрету; нан өнімдері жөнінде түсініктер беру. Балалардың қағазбен жұмыс жасау мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Дастарқан көркі-нан"<br>Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Нан бар жерде ән бар"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; сапқа өз еріктерімен тұру; бөрененің үстімен сенімді жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдыларын пысықтау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын бекіту. | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Ақ бидай"<br>Мақсаты: балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; Ас атасы – нан туралы ұғым беру. Бидай туралы аңыз әңгіме мен көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін, танымдық қызметке деген қызығушылығын дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ас - адамның арқауы"<br>Мақсаты: балаларды дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. | |
| **Вариативті компонент** | - | - | - | **Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>Тақырыбы: "Пеште нандыр нан пісіреміз. Ұжымдық жұмыс"<br>Мақсаты: балаларды нан өнімдерінің бірі, тандыр нанды пісіру амалымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымды тиянақтау; дөңгелек пішіннің қасиеттері жөнінде білімдерді пысықтау. | - |
| | | | | | |
| **Жыл құстары / Перелетные птицы /Migratory of birds (4-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларға жыл құстарының жылы жаққа ұшуы туралы білімдерін толықтыру; құстардың дене құрылымына және шығаратын дыбыстарына деген қызығушылықтарын тудыру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Торғай секіреді"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Ұшты-ұшты жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [Ш] дыбысы."<br>Мақсаты: балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру. Балалардың [ш] дыбысын оңаша, сөз құрамында анық айтудағы артикуляциялық мүмкіндіктерін жетілдіру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Ақ үйрек, сары үйрек"<br>Мақсаты: балалардың заттарды "біреу" немесе "көп" өлшем бірліктерін, "сол жақ" және "оң жақ" туралы ұғымдарын тиянақтау; күз мезгілі, жыл құстары, үй құстары жөнінде білімдерін жетілдіру. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Көлде жүзген үйрек"<br>Мақсаты: балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру. Көк қарындаш арқылы үйрек бейнесі аясына иректелген көк толқынды жолақтарды солдан оңға қарай қағаз бойымен салу техникасын қалыптастыру; иректелген толқынды жолақтарды бірінен соң бірін бірнеше қатарда төмен тізіп салуды машықтау. | - |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Екі аяқпен секіреміз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру іскерліктерін жетілдіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Құстар неге сөйлемейді?"<br>Мақсаты: балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету; жыл құстары туралы түсінік беру. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қарлығаш"<br>Мақсаты: балаларды қарлығаштың сыртқы келбетімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау қабілетін қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Торғай"<br>Мақсаты: балалардың түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; жыл құстары туралы ұғым беру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Торғай секілді секіреміз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; сапқа өз еріктерімен тұру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Осень золотая" Перелетные птицы<br>Мақсаты: развивать умение понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов, используя слово «осень», изменяя падежные окончания, учить называть птиц, выражать отношение к времени года с помощью проговаривания небольших четверостиший о природных явлениях, листопаде, дожде. Развивать умение зрительно и на слух различать птиц, проговаривать их «песенки», развивать речь, слуховое восприятие речи в целом по теме «Осень», развивать цветовосприятие пограничных цветов (красный, оранжевый, желтый), внимание, мышление, воображение. Развивать наблюдательность, чувство прекрасного, интерес к художественному слову. | | **Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Торғайды жаңбырдан жасырайық"<br>Мақсаты: балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік жапсырма үлгісін жасауға үйрету; композиция туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру; күз мезгілі құбылыстары жөнінде білімдерді жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын желімді кескінге жағып, майлықпен сүрту амалдары арқылы дамыту; тамшылар кескіндерін үстіден төменге қарай бағыттап жапсыру техникасына машықтандыру. | |
| **Вариативті компонент** | - | - | - | - | **Вариативті компонент/Әлеумет**<br>Тақырыбы: "Құстар" фермасы ойыны<br>Мақсаты: балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру; құс күтушісінің еңбегімен таныстыру; үй құстарының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. |
| | | | | | |

Сканировано с CamScanner